

Ж.К. Сүйінжанова

ф.ғ.к., доцент м.а., Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан, Қазақстан (e-mail: zhanar.suinzhanova@ayu.edu.kz)

Түркітілдес мемлекеттердің жазу мәдениетінің бастау-арналарындағы ортақтық мәселесі

Аңдатпа

Қай елдің тарихына зер салсаңыз да, ел боламын деген мемлекеттің ең алдымен көздейтіні - тіл мен діл мәселесі. Себебі, тіл - ойлаумен, халықтың менталитетімен, мәдениетімен тығыз байланыстағы адам қарым-қатынасының әлеуметтік аса маңызды құралы. Түркітілдес мемлекеттерде тілге қатысты әртүрлі саясат жүргізілуде. Қазақстан Республикасының тіл саясатында тіл – әлеуметтік-қоғамдық феномен. Тілдің біріктіруші, біртұтастандырушы әлеуметтік қызметін ескере отырып, мемлекеттік бағдарламасында мемлекеттік тілді – ұлт бірлігінің басты факторы ретінде қабылдайды. Жазу – адамзаттың ұлы мәдени құндылықтарының бірі, өркениет дамуының құрамдас бөлігі. Жазулар арасында латын графикасы әлем халықтары ең көп қолданатын тілдік құрал болып табылады. Қазақтар өзінің халық, ұлт болып қалыптасу жолын көне түркілер заманынан бастаса, оның жазу мәдениетінің тарихы да сол дәуірден бастау алады. Мақалада түркітілдес мемлекеттердің жазу мәдениетінің бастау-арналарындағы ортақтық мәселесі сөз болады.

Кілт сөздер: жазу таңбалары, жазу ескерткіштері, көне түркі руна жазуы, жазудың генезисі, түркі әліпбиі

Zh.K. Suinzhanova

Candidate of Philological Sciences, Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Kazakhstan, Turkestan (e-mail: zhanar.suinzhanova@ayu.edu.kz)

The Problem of Common Origin in the Written Culture of Turkic-Speaking States

Summary

If we look at the history of any country, we will see what makes a country homeland depends on the priorities for their language and love for their country. After all, language is a socially important instrument of human relations, which is closely connected with the thinking, mentality of people, and culture. Consequently, linguistic prestige, the scope of the language, the program for the protection, preservation and development of the language, language ideology, language situation, and language policy are key components of the state policy of each country. Among the inscriptions, Latin graphics are the most common language tool of the peoples of the world. In the Turkic-speaking countries, various policies concerning the language are carried out. Language in the language policy of the Republic of Kazakhstan is a social phenomenon. Taking into account the unifying, degrading social functions of language, the state language in the state program is perceived as the main

Ж.К. Сүйінжанова. Түркітілдес мемлекеттердің жазу мәдениетінің бастау...

factor of national unity. The article deals with the problem of common origin of the culture of writing of the Turkish-speaking states.

Key words: signs, inscription, record, monuments of writing of ancient Turks rune, Genesis of writing of the Turkic alphabet

Жаһандану үдерісінің қарқын алуы көптеген мемлекеттердің тіл саясаты мен тілдік идеологиясына, ұлттық тіл мен мемлекеттік тілге қатысты сындарлы жаңа міндеттерді алға тартып отыр. Компьютерлік технология күн санап дамып, ақпарат алу жылдамдығы артқан бүгінгі заманда тілдердің арасында – ағылшын тілі, жазулар арасында – латын графикасы әлем халықтарының ең көп қолданатын тілдік құралына айналып үлгерді. Түркітілдес мемлекеттерде тілге қатысты әртүрлі саясат жүргізілуде. Қазақстан Республикасының тіл саясатында, тіл – әлеуметтік-қоғамдық феномен екенін, тілдің біріктіруші, біртұтастандырушы, даралаушы әлеуметтік қызметтерін ескере отырып, мемлекеттік бағдарламасында мемлекеттік тілді – ұлт бірлігінің басты факторы ретінде қабылдап, мемлекеттік тілді дамыту мен қолданыс аясын ұлғайту мақсатында, бірнеше нысаналы индикаторларға қол жеткізу көзделген. Өзбекстан Республикасының тіл саясаты латын графикасына өз әліпбилерін ауыстыру арқылы әлемдік кеңістіктегі доминантты сипатқа ие жазулар қатарына қосылып, жаһандану жағдайында ұлттық бірегейлігін сақтап, мемлекеттік тілін дамытуға, кеңестік тоталитарлық санадан құтылып, ұлттық сананы дамытуға негізделген.

Түркия Республикасы Ататүрік тіл реформасы нәтижесінде, өз тілдерін араб және парсы сөздерінен тазартып, тілді ұлттың біріктіруші және ықпалдастырушы дәрежесіне көтерді. Бүгінде Түркия Республикасының тіл саясаты түрік тілін халықаралық деңгейге көтеру мен оның қолданыс аясын кеңейтуде жұмыс істейді. Бұл мақаламызда түркітілдес республикалардың жазу тарихы бір екендігін дәлелдеуге тырысамыз.

Түркілердің ата-бабасы сақтар мен ғұндар екендігін тарихшылар дәлелдеп берді. Түркі халықтарының түп-тегі ежелгі түркілік ғұн, сақ тайпаларынан бастау алатынына археологиялық, дәстүр-салттық, антропологиялық сияқты заттық-рухани мәдениет дәйектемелері жетіп-артылады. Сақтар мен ғұндар қандай жазу қолданды? Сақтар мен ғұндардың қолданған жазуын қазіргі түркітілдес мемлекеттердің жазу жүйесінің генезисі ретінде қарастыруға болады ма? Міне, осы сұрақтарға жауап іздеп көрелік.

Түркі тайпаларының қалдырған жазба ескерткіштерінің түркі тілінде жазылуы және соның оқылуы, этногенезі, түркі халықтарының тарихына әдебиетіне, мәдениетіне қатынасы, графикасы, қазіргі түркі тілдерімен байланысы туралы біршама еңбектер бар. Қазақ жазуының тарихы, көне түркі жазуы, әліпби құрастыру, ондағы әріп таңбаларының мәні, берілу тәсілдері, дыбыстық заңдылықтары туралы ғалымдар А. Аманжолов [1], Ә. Қайдар [2], Ғ. Айдаров [3] құнды еңбектер жазған.

Бүгінгі күнге дейінгі қазақ халқы жазу тарихында көне түркі жазуын, ұйғыр жазуын, араб жазуын, латын графикасын, кирилл жазуын пайдаланды. Қазақ жазуының тарихын зерттеуші М. Майлықұтова: «Түркі халықтарының жазу жүйесі, төлтума әліпбиі ерте замандарда қалыптасқан. Зерттеуші ғалымдардың айтуынша, біздің жыл санауымызға дейінгі III ғасырдан басталып, соңғы жұқанасы XIII ғасырға жеткен түркі жұртына ортақ саналатын Орхон-Енисей руникалық ескерткіштері, ондағы тасқа бедерленіп жазылған «Күлтегін», «Тоныкөк», «Білге қаған» сынды поэтикалық жыр-қазыналар осының дәлел айғағы. Сондай-ақ, Есік қорғанынан табылған алтын киімді жауынгердің күміс тостағанына шекілген жазу таңбасы біздің дәуірімізге дейінгі арғы заманның бесінші ғасырын меңзейді екен. Бұлар археологиялық зерттеулердің нәтижесінде табылған заттай деректер болса, ғұндардың өзіне тән жазу таңбалары болғаны жайлы қытай тілінде жазылған тарихи еңбектерде атап өтіледі. Түрік қағанаты тұсында пайдаланылған жазу ескерткіштері де осы ғұндар қолданып, жолға түсірген жазудың жалғасы, яғни келер ұрпаққа рухани мұра ретінде қалдырған баба дәстүрі екендігі бұл күнде талассыз пікірге айналып отыр» [4, 159-160-б.], - дейді.

Соңғы кездері түркология ғылымы айқындаған деректерге сүйенсек, түркілер қолданған көне түркі руна жазуының қолданылу ареалы өте кең болған. Ғалымдардың көне түркі ескерткіштерінің табылған аймақтарына қарай дәлелдеуінше, бұл жазу қазіргі Моңғолиядан бастап, Алтай, Тува, Хакасия, Саха, Шығыс Түркістан, Қазақстан, Ферғана аймағы, Солтүстік Кавказ, Шығыс Еуропаға дейін таралған. Бір сөзбен айтқанда, көне түркі жазуы Еуразия кеңістігін мекендеген түркі тектес этностардың ортақ әліпбиі болып табылады.

Копенгаген университетінің профессоры Вильгельм Томсеннің Орхон-Енисей, Талас аңғарларында тасқа қашалған жазудың иесі түркі халықтары екендігі жөніндегі жаңалығынан соң түркі әліпбиінің фонетикалық, графикалық жүйесі, әліпбидегі дыбыстардың қазіргі

түркі халықтарының жазу жүйесімен ұқсастық қырлары зерттеле бастады. Түркілердің алғашқы жазуы - тасқа қашалған руна әліпбиінің оқылуы түркітілдес халықтардың тарихы жайлы біраз деректердің бетін ашты. Осы жазу арқылы түркілер қағанат құрған кезеңді және сол кездегі саяси-әлеуметтік, мәдени, экономикалық жағдайлардың сарапталуы тұтас түркі халықтарының тарихындағы ақтаңдақтардың бетін ашып, түркі тарихын қайта жазуға негіз болып отыр.

Көне түркілердің бұл жазуын ең алғаш зерттеушілер руна (құпия) деп атап кеткен. Ғалым О. Бекжан көне түркі жазуын руна деген сөздің баламасын күл деп алу керектігін айтады. «*Үшкүл, төрткүл* сөздеріндегі күл сөзінің мағынасы *бұрыш* деген мәнді білдіретінін, күлте сөзінің де гүлдің бұрыш тектес жапырақшаларына сәйкес атау екенін айта келе, көне түркілердің төл жазуын геометриялық бұрыш тектес болып келетініне сай геометриялық пішін – күл жазуы деп атауды ұйғарғанбыз» дейді [5, 3-б.]. Сонымен қатар көне түркі жазуын арамей жазуларынан бастау алды деген пікірге қарсы өзіндік тұжырым ұсынады. «Біздің ойымызша, көктүркі күл жазуы шумерлік-түркілік жазуынан бастау алып дыбыстық әліппи дәрежесіне дейінгі даму сатыларынан өткен төл сақ-түркі жазуы. Ал арамей, финикий жазулары осы көктүріктік күл жазуына негізделіп, өз алдына тармақталған деген жорамал жасаймыз [5, 22-б.].

Біздің заманымыздағы V ғасырдан бастап қолданыста болған армян әліпбиі солдан оңға қарай жазылатын аршакид (пехлеви) әліпбиінің негізінде жасалған. Армян әліпбиінің жазбаша және баспаша деп аталатын екі түрі кездеседі. Ата тегі үнді еуропалықтардан тарайтын армян халқы христиан дінін қабылдауына байланысты армян әліпбиін жасауға мәжбүр болған. Түркітекті қыпшақтардың көптеген тарихи-мәдени мұралары мен сөздіктері осы армян жазуымен жазылып, қыпшақ тілінде сақталған.

Жазба тарихымен шұғылданатын ғалымдар түркі халықтары VII-VIII ғасырлардан бастап араб жазуын қолданғанын айтады. Араб жазуы әлемге Ислам дінінің таралуымен келгені белгілі. Әлемдік өркениетке өлшеусіз үлес қосқан осы жазу көптеген халықтардың діни және ұлттық бірегейліктерінің негізін қалаған. Әліпби тарихын зерттеуші ғалым Д. Дирингердің жазуынша, қазіргі уақытта араб жазуы әлемге кеңінен таралуы жөнінен латын жазуынан кейінгі орынға ие. Мұсылман діні мен Мұхаммед пайғамбардың қасиетті кітабы Құранның таралуына ықпал еткен VII және VIII ғасырлардағы араб шапқыншылығы араб тілін әлемдегі ең басты тілдердің қатарына

қосты. Үндістан мен Атлант мұхиты аралағындағы алып аумақта орналасқан халықтар араб тілінің әр түрлі нұсқасында сөйлейді [6].

Түркі халықтарына араб жазуының келуін абайтанушы ғалым М. Мырзахметов VIII ғасырда жасаған арабтардың отарлаушылық саясатымен байланыстырады [7, 17-б.]. Шындығында, тарих беттері VIII ғасырдың басында түркі халықтарына арабтардың шапқыншылық жасауымен араб жазуының, тәңірлік нанымның орнына Ислам дінінің келгендігін айғақтайды. Араб жазуы түркі халықтарының қасиетті Құран кітабымен жақынырақ танысуына ықпал етті. Осылайша араб жазуы тек қана тілдік-коммуникативтік қызмет атқарып қана қойған жоқ, сонымен қатар, түркі халықтарының, оның ішінде қазақтардың сауат ашу құралына айналды.

Жазба тарихы мен тіл саясатын зерттеуші ғалым Кеңесбай Мұсаұлы түркілер тарихындағы араб жазуы туралы: «Сегізінші ғасырда түркі халықтары мекендеген жерлерді арабтар жаулап ала бастады да, бағындырған жерлерінде түркі халықтарының мәдениетін, тілін, көне жазуын жоюға ат салысты. Түріктердің бұрынғы пайдаланып жүрген жазу жүйесін мүлдем құртып жіберді де, оның орнына VII ғасырда, түркі жазуынан мың жылдан кейін пайда болған, араб тілі үшін жасалған жазуын күшпен енгізді. Осы араб жазуын түркі халықтары бір мың жылдай қолданып келді. Бірақ араб жазу жүйесі қазақ тіліне де, басқа түркі тілдеріне де қолайлы болмады, мұны жақсы түсінген Ахмет Байтұрсынұлы 1924 жылдарда оған қазақ тіліне бейімдеп біраз өзгеріс енгізді» [8, 27-б.], - дейді.

Орта ғасырдағы түркі ескерткіштерінің көпшілігі араб жазуының қадим үлгісімен бізге жеткен. Қадим жазу үлгісінің басты ерекшелігіне дауысты дыбыстардың, негізінен, тек харакаттар арқылы ғана беріліп, жазуда таңбаланбауын, араб әліпбиіндегі 28 әріп таңбаларының барлығы дерлік (бір мәтін ішінде) қолданыста болуын айтуға болады. Бұл ерекшелік, әсіресе ортағасырлық түркі ескерткіштерінің барлығына тән, сондай-ақ XVIII-XIX ғғ. хатқа түскен ескерткіштер мен қолжазбалар да қадим жазуымен бізге жеткен.

Араб жазуының бір ерекшелігі, ол түркі халықтарына ортақ қолданылды әрі осы халықтарды діни тұрғыда біріктіре алды. Бұл араб жазуының мәдени интеграциялық рөлінің өте зор болғандығын айқындайды. Дегенмен, араб жазуы он екі ғасыр бойы қолданылып келгеніне қарамастан, оның қолданыс аясы Ресей империясының орыстандыру саясатына байланысты XIX ғасырдың орта тұсынан бастап біртіндеп әлсірей бастады. Ал кеңестік саясат XX ғасырдың

1928 жылынан бастап түркі халықтарының араб әліпбиін ресми қолданыстан ығыстырды. 1926 жылы Бакуде өткен түркітанушылардың съезінен кейін қазақ жазуын латын графикасына көшіруді қолға алу тапсырылады. Түркі халықтарының бірігіп кетуінен қорыққан Кеңес үкіметі 1920-1940 жылдары аралығында өзіне бағынышты барлық түркі халықтарының араб жазуы негізіндегі әліпбилерін латын графикасына көшіру жөніндегі ірі реформаны қолға алады.

«Лингвистикалық түсіндірме сөздіктің» авторлары А. Салқынбай мен Е. Абақан латын жазуы жөнінде: «Латын жазуы - ежелгі римдіктердің әріптік жазуы. Латын жазуы Батыс Еуропаның көптеген елдерінде болған, ең көне латын жазуы б.з.д. VII ғ. белгілі. Қазіргі латын алфавитінің екі типографиялық түрі бар: латиница (немесе антиква) және готикалық шрифт (немесе фрактура)» [9, 127-б.] деген анықтама берсе, қазақ жазуының тарихи негіздерін зерттеген ғалым Мағрипа Ескеева: «Латын жазуы - көне грек әліпбиі негізінде жасалған этрус жазуының бір тармағы. Біздің заманымызға дейінгі VII ғасырда белгілі бола бастаған латын әліпбиі француз, неміс, ағылшын, испан, итальян, швед, фин, румын, венгер, чех, поляк, дат, т.б. Еуропа халықтарына тараған. Алғашқы латын әліпбиінде бас әріптер мен кіші әріптер болып ажыратылмаған, кіші әріп таңбалары орта ғасыр дәуірлерінде жасалған. Жазу бағыты да үнемі алмасып (солдан оңға, оңнан солға) отыратын латын әліпбиі IV ғасырдан бастап тек қана солдан оңға қарай (брустрофедон әдісі бойынша) жазылатын болып қалыптасқан. Алғашқы кезеңдерде 20 жазу таңбасынан тұратын латын әліпбиінің құрамында қазір 26 әріп бар» [10, 12-б.], - дейді. Профессор Қ. Күдерина: «Финикий жазуынан тараған алфавит түрлері мынадай: 1-сатыда жазу арамей мен архаикалық грек алфавитіне бөлінеді. Арамей бұтағынан араб, парсы, ауған; соғды, ұйғыр, моңғол; еврей жазуы тарайды. Архаикалық грек бұтағынан шығыс грек пен батыс грек жазуы шығады. Ал гот, армян; византия – славяннан өрбіген орыс; грузин жазулары шығыс грек жазуына жатады. Батыс грек бұтағынан итальян; этрус – латын әліпбиі дамиды» [11, 24-б.], - деп қазіргі батыс Еуропа халықтарының жазуына негіз болған латын графикасы грек әліпбиінен шығатынын айтады.

Латын жазуының географиялық қолданыс аясы туралы лингвист К. Ахановтың жазуынша, латын алфавиті француздар, испандықтар, румындар, италияндар, ағылшындар, немістер, шведтер, датчандар, финдер, венгерлер, чехтар, словактар, поляктарға тарады. Америка мен Австралиядағы жазу жүйелері түгелімен, Африкадағы жазу

жүйелерінің көпшілігі және Түркия мен Индонезияның қазіргі жазулары латын жазуына негізделген [12, 431-б.].

Қазақ жазуының генезисі мен эволюциясын зерделеген С. Хасанова: «Түркі тайпаларынан орта ғасырда ұйғыр, араб жазуларымен қатар, көне латын жазуын да қолданғандығын байқаймыз. Оған дәлел ретінде араб-ұйғыр жазуымен Х-ХV ғғ. жеткен «Құтадғу білігі», араб жазуымен жеткен М. Қашқаридың «Диванын» атай отырып, ХIV ғасыр ескерткіші саналатын, көне латын (гот) жазуымен жеткен «Codex Cumanicus» (Кодекс куманикус) атауымызға болады. Алдыңғы аталған ескерткіштер аралас (қыпшақ-оғыз, оғыз-түркімен т.б.) тілдерде жазылған болса, «Кодекс куманикус» таза қыпшақ тілінде жазылған ескерткіш. Ескерткішті кім жазғандығы жөнінде мәлімет жоқ. Бұл ескерткіштің текстерінде кездесетін сөздер, қосымшалар қазақ тілінде бүгінгі қолданылып жүрген сөздер, сөз тіркестерімен ұқсастық жақтары көп екендігі көңіл аудартады» [13,134-б.] - дейді.

Қорыта айтқанда, түркітілдес мемлекеттердің жазу жүйесінің тарихы сақ, ғұн жазуларынан бастау алып, көне түркі руна (Орхон-Енисей) жазуымен жалғаса отырып, нығайып, одан кейінгі кезеңдерде бірнеше өркениеттердің жазуларын қолданды. Түркілер тарихта басқа жазуларға қарағанда араб жазуын өте ұзақ уақыт қолданды. Мұның сыры, әрине, Ислам дінінің әлеуетімен байланысты. Ал біздің заманымызға дейінгі кезеңде және біздің заманымызда біздің ата-бабаларымыз қолданған болған арамей, брахми, манихей, қытай, сирия, армян, моңғол, тод, жазулары түркі халықтарының түрлі өркениеттермен сусындауына, әлемдік деңгейдегі ақыл-ой және шығармашылық әлеуетін арттыруға көмектесті. Бұл жазулардың көбісі әртүрлі діни қауымдастықтардың құралы болғанымен, түркілер өздерінің ұлттық болмысын сақтап қалды. Ал орта ғасырларда «Кодекс куманикус» шығармасын жазуға негіз болған көне латын жазуын да жалпытүркілік қолданыста болды деп айта алмаймыз. Оның үстіне бұл шығарма қыпшақ тілінде жазылғанымен, оны жазған автордың әлі күнге белгісіз болуына байланысты, көне латын жазуын түркілер жаппай қолданды деп қорытынды шығару ғылыми нақтылыққа жатпайды. Тарихи хронологиялық тәртіп бойынша түркітілдес халықтардың ерте замандардан ХХI ғасырға дейін қолданысындағы ұлттық жазуларының графикалық желісін нақты айқындау әлі де ғылымның еншісіндегі дүние деп қарастырғанымыз дұрыс.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Аманжолов А. Көне түркі жазуы // Қазақ тілі энциклопедиясы. Алматы, 1998. – 509 б.
2. Айдаров Ғ. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. Алматы, Мектеп, 1986.-180 б.
3. Қайдар Ә. Көне түркі жазба ескерткіштері кімге ортақ, кімге тән? // Көне түркі өркениеті: жазба ескерткіштері. Алматы, 2001.-128 б.
4. Майлықұтов М. Қазақ жазуы тарихынан: Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті. - 2006. - 196 б.
5. Бекжан О.Д. Түркі күлбізiк жазба ескерткіштері тілінің семиотика-семантикалық негіздері. – Алматы, 2015. – 368 бет.
6. Дэвид Дирингер. Алфавит. // М.: Изд-во иностранной литературы. 1963. 656 с.
7. Мырзахметов М. Түрік халықтары антропонимдерінің саяси-әлеуметтік проблемалары // Мемлекеттік тіл саясатының негізгі бағыт-бағдарлары: халықаралық ғыл.-практик. конференция материалдары. - Астана, 2014. - 9-14 б.
8. Мусаев К.М. Алфавиты языков народов СССР. – Москва, 1965. -85 с.
9. Салқынбай А., Абақан Е. Лингвистикалық түсіндірме сөздік. Алматы: Сөздік-словарь, 1998 - 304 б.
10. Ескеева М.Қ. Қазақ жазуының тарихи негіздері. –Астана: ЕҰУ, 2002. -125 б.
11. Күдерінова Қ.Б. Қазақ жазуының тарихы мен теориясы. Оқу құралы. – Алматы: «Елтаным баспасы», 2013. 242 б.
12. Аханов К. Тіл білімінің негіздері. - Алматы: Санат. - 2003. - 496 б.
13. Хасанова С. Қазақ жазуы мен оқуының бастаулары (көне түркі және араб, латын жазбалары) - Алматы, 2007. - 264 б.

REFERENCES

1. Amanjolov A. Kóne túrki jazýy // Qazaq tili entsiklopediasy. Almaty, 1998. –509 b.
2. Aidarov Ǵ. Kóne túrki jazba eskertkishteriniń tili. Almaty, Mektep, 1986.-180 b.
3. Qaidar Á. Kóne túrki jazba eskertkishteri kimgе ortaq, kimgе tán? // Kóne túrki órkenieti: jazba eskertkishteri. Almaty, 2001.-128 b.
4. Maılıqutov M. Qazaq jazýy tarihyнан: Oqý quraly. –Almaty: Qazaq ýniversiteti. - 2006. - 196 b.
5. Bekjan O.D. Túrki kúlbizik jazba eskertkishteri tiliniń semiotika-semantikalыq negizderi. – Almaty, 2015. – 368 bet.
6. David Diringer. Alfavit. // M.: Izd-vo inostrannoı literatýry. 1963. 656 s.
7. Myrzahmetov M. Túrik halyqtary antroponimderiniń saıası-áleýmettik problemalary // Memlekettik til saıasatynyń negizgi baǵyt-baǵdarлары: halyqaralyq ǵylymı-praktikalыq konferentsıa materialdary. - Astana, 2014. - 9-14 b.
8. Mýsaev K.M. Alfavitы ıazykov narodov SSSR. – Moskva, 1965. -85 s.
9. Salqynbai A., Abaqan E. Lingvistikalыq túsindirme sózдіk. Almaty: Sózдіk-slovar, 1998 - 304 b.
10. Eskeeva M.Q. Qazaq jazýynyń tarihi negizderi. –Astana: EУÝ, 2002. -125 b.
11. Kúderinova Q.B. Qazaq jazýynyń tarihy men teoriyası. Oqý quraly. – Almaty: «Eltanym baspasy», 2013. 242 b.
12. Ahanov K. Til biliminiń negizderi. - Almaty: Sanat. - 2003. - 496 b.
13. Hasanova S. Qazaq jazyu men oqýynyń bastayıлары (kóne túrki jáne arab, latyn jazbalary) - Almaty, 2007. - 264 b.

Özet

Hangi ülkenin tarihine bakarsanız, millet olmayı düşünen bir ülkenin önceliğinin dil ve gönül meselesi olduğunu anlarsınız. Çünkü dil, düşünceyle, halkın mantığıyla, kültürüyle yakından bağlantısı olan insan ilişkilerinin sosyal olarak önemli bir aracıdır. Türk dilli devletlerde dille bağlantılı olarak çeşitli siyasetler yürütülmektedir. Kazakistan Cumhuriyetinin dil politikasında dil, sosyal ve toplumsal bir olgudur. Dilin birleştirici, sosyal işlevleri göz önüne alındığında, devlet programındaki devlet dili millî birliğin ana faktörü olarak kabul edilmektedir. Yazılar arasında Latin alfabesinin dünya halkları tarafından en yaygın alfabe olarak kullanıldığı görülmektedir. Kazaklar millet olma sürecini eski Türkler döneminden başlatmakla birlikte yazılı kültürlerinin tarihini de o dönemden başlatırlar. Makale, Türk dili konuşulan devletlerin yazma kültürünün kökeninin ortaklığını ele almaktadır.

Anahtar Kelimeler: işaretler, yazıtlar, Köktürk alfabesi, Türk alfabesi
(Suinzhanova Zh. K. Türk Dili Konuşan Devletlerin Yazılı Kültüründe Köken Ortaklığı Sorunu)

Аннотация

Страны, которая хочет быть страной, прежде всего уделяют внимание на язык и менталитет этого народа. Ведь язык - это социально важный инструмент человеческих отношений, тесно связанных с мышлением, менталитетом людей, культурой. Следовательно, языковой престиж, область применения языка, программы защиты, сохранения и развития языка, языковая идеология, языковая ситуация, языковая политика является ключевым компонентом государственной политики каждой страны. Среди надписей латинская графика является самым распространенным языковым инструментом народов мира. В тюркоязычных странах проводятся различные политики, касающиеся языка. Язык в языковой политике Республики Казахстан-социально-общественный феномен. С учетом объединяющих социальных функций языка, государственный язык в государственной программе воспринимается как главный фактор национального единства. В статье рассматривается проблема общности происхождения культуры письма тюркоязычных государств.

Ключевые слова: знаки, надпись, запись, памятники письменности древних тюрков руна, генезис написания тюркского алфавита
(Сүйінжанова Ж.К. Проблема общности происхождения в письменной культуры тюркоязычных государств)